

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми-Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары =Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука, новой формации - будущее Казахстана. - 2020. - Т.І, Ч.1 - Б.282-284

## **«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» КеАҚ КЛИНИКАСЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҮЙ ҚОЯНДАРЫНА ПРОБИОТИКТІ ҚОЛДАНУ**

*Кайыржанова Д.М.,  
Асанов Б.С.*

*Жұмыстың өзектілігі.* Пробиотиктер, ағылшын тілінде *Probiotics*-тірі микроорганизмдер деген түсінік береді. Басқаша айтқанда бұл терапевтік мақсатта пайдаланылатын микроорганизмдер, сондай-ақ тірі микроәдениеттері бар тағамдық өнімдер мен биологиялық белсенді қоспалар [1,2].

Пробиотиктер басқа микроорганизмдердің өсуін ынталандыратын микробтық факторлар ретінде анықталды. Рой Фуллер қазір қолданылатын п робиотиктерді анықтауды ұсынды: "Тірі микробтық жемдік қоспа, ол жануарға жақсы әсер етеді, оның ішекті микробтық балансын жақсартта түседі "[3].

Қоян шаруашылығында пробиотиктерді қолданудың өзектілігі олардың ағзаға зиянсыздығы: жануардың және өнімнің соңғы тұтынушыларының денсаулығы үшін қандай да бір жанама әсерлері байқалмайды. Жануарлардың тіршілік әрекеті барысында пробиотиктер олардың ағзасынан толығымен шығарылады. Зерттеулер жүргізілді- осы салада пробиотиктер иммундық тапшылық себептеріне қарамастан, жануардың иммундық статусына жақсы әсерін көрсеткен.[4]. Пробиотиктер шаруашылықта кеңінен қолданылатыны және ішектің бөгде заттармен ластануын төмендететінін дәлелденген. Құс пен жануарлардың өнімділігі 10-20%- ға артады [5. 6, 7.8]. Сонымен қатар, қоянды азықтандыруда пробиотикалық препараттарды пайдаланудың кейбір сұрақтары әліді жеткіліксіз зерттелгенін тәрізді және олардың өнімділікке, сондай-ақ алынатын еттің сапалық көрсеткіштеріне әсерін қосымша зерттеуді талап ететінін атап өткен жөн .

*Жүргізілген зерттеулердің мақсаты-* ЕАЭО нарығындағы OLIN препараты пробиотиктерінің «Советтік шиншила» тұқымды қояндардың өсуі мен дамуына әсерін анықтау.

*Зерттеу нысанасы, материалдары және әдістері.*

Эксперименттік жұмыс С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ «Ветеринариялық санитария» кафедрасында орындалды және «Советтік шиншила» тұқымды қояндарды өсіру жүйесін әзірлеумен байланысты OLIN пробиотикалық препаратты қолдану .

Ғылыми тәжірибелік зерттеулер ҚР АШМ "Ветеринариядағы зертханалық диагностика және әдіснама референсациясының ұлттық мониторинг орталығы" мемлекеттік мекемесінде" жүргізілді.

*Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін келесі міндеттер қойылды:*

-жануарлардың өнімділік қабілетін жоғарлату үшін шаруашылық рациондар құрамына OLIN пробиотикалық препараттын пайдалануды ұсыну;

- қояндардың өсу және даму динамикасы зерттелді.

Қояндар 80, 90 ( 3 айлықтар) жасқа жеткен кезде тірі массаның өзгеруін бағаладық, 100 және 120 тәулікте (4 айлықтар) «ВАГАР VW-LN-20» электронды таразыда жеке өлшеу көмегімен атқарылды. Нәтижесінде 120 тәуліктік қоянның ет өнімділігін сою арқылы анықтадық.

Әрбір топтан орташа тірі салмағы бар 3 бас (терісіз, ішкі мүшесіз, басы мен табандары жоқ ұшаның салмағы) және сойылған массаның шығуы бойынша бағаладық.

*Зерттеу нысаны болып* факультет клиникасындағы жасы 40 тәуліктік «Советтік шиншила» тұқымды қояндар таңдалды. Қояндар ұқсас принципі бойынша 7 бастан 2 топқа құрылған. Топтар тірі салмағын, жасы мен жынысын есепке ала отырып құрылды.

OLIN – асқазан-ішек ауруларының алдын алу үшін пробиотикалық азықтық қоспа, дисбактериоздар және ішек инфекциялары кезінде қояндарды емдеу, ағзаның табиғи резистенттілігін арттыру, жануарлардың сақталуын арттыру, сүт өнімділігін арттыру, төлдің өсуі мен дамуын ынталандыру және стресстік реакциялардың алдын алу (вакцинациялау, тасымалдау, қайта топтастыру, рационды ауыстыру және т. б. ) кездерінде кеңінен қолданылады.

*OLIN – мөлшері және қолдану тәсілі.*

Ең алдымен OLIN суда ерітіп оны алынған ерітіндімен құтыда ауыз суға қостық. Күн сайын емдік мақсатта – күніне 2 рет 2 г-нан қосып отырдық.

4 айлық жасында малдардың ет өнімділігін сою арқылы анықтады

Әр топтан орташа тірі салмағы бар 3 бас (салмағы және сойылған массаның шығуы).

Негізгі рацион ретінде келесі құрамдағы түйіршіктелген құрама жем қолданылды:

- шөп ұны-30%;
- сұлы ұнтағы – 20%;
- арпа ұнтағы -20%;
- бидай кебегі-15%;
- күнбағыс шротты-13%;
- ас тұзы-0,5%;
- ет- сүйек ұны-1,5%.

*Алынған нәтижелер.* Тәжірибе жүргізу кезінде әр топтағы орташа тәуліктік өсім көрсеткіші ескеріліп отырды. Бүкіл азықтық пен қоректік заттарды - 1 басқа тұтыну тәжірибеде барлық топтағы қояндармен шамамен бір деңгейде болды. OLIN препараттын пайдаланудағы нәтижелер бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибедегі қояндардың (тірі салмағы 3110 г құрады) яғни 304,07 г артық 10% өсуіне ықпал етті.

Орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіші, ол тәжірибелік топта 25,7 г құрады , бұл 3,1 г, немесе 13,2%, жоғары. Тәжірибелік және бақылау тобының қоян етінен әзірленген сорпаны 7,8 және 6,3 балл деп бағаладық. Сонымен қатар, тәжірибелі топтағы қоян етінен сорпаның анағұрлым түссіз, жағымды табиғи иісі бар. Ақуыздың ең көп мөлшері 2-ші топтағы қоян етінде белгіленген (тәжірибелік). Тәжірибелік топтағы қоян етінің химиялық құрамына жүргізілген бағалау бұлшық еттінінің ақуызының 17,80- дан 19,06г/100 г-ға дейін артуы анықталды, кальций-0,163- тен 0,181

г / 100 г-ға дейін және май мөлшерінің 7,71- ден 6,21 г/100 г-ға дейін азаюы бақылау тобымен салыстырғанда, бұл жоғары диеталық ет қасиеттеріне тән деп білемі

### Әдібиеттер тізімі

1. Зайков, С.В. [Нарушения микробиоценоза кишечника: всегда ли необходимы пробиотики?](#) : [арх. 5 июля 2008] // Рациональная фармакотерапия : журн.. — 2008. — № 2. — С. 1–6.

2. Шендеров, Б. А. Медицинская микробная экология и функциональное питание : в 3 т.. — М. : ГРАНТЪ, 2001. — Т. 3 : Пробиотики и функциональное питание : Биопленка. Кожа и слизистые. Иммуно. механизмы.. — 287 с. — [ББК Р123.0.0](#). — [ISBN 5-89135-177-3](#) (т. 3).

3. Fuller R (May 1989). "Probiotics in man and animals". *The Journal of Applied Bacteriology*.

4. Омельченко Н.Н. Влияние пробиотиков на продуктивные качества кроликов первого поколения /Н.Н. Омельченко, Н.А. Омельченко, И.Н. Босых // Сборник научных трудов СКНИИЖ. – Краснодар : Изд-во ФГБНУ «Северо-Кавказский научно-исследовательский институт животноводства». – 2016. – № 5. – С. 90–95

5. Ксенофонтова А.И. Влияние пребиотика на основе лактулозы на зоотехнические и технологические показатели мяса кроликов / А.И. Ксенофонтова, М.М. Борисова // Материалы VII международной за-очной конференции «Человек и животные». – Астрахань: Изд-во Инновационного Естественного института Астраханского государственного университета. – 2014. – С. 79–82.

6. Черненко Е.Н. Качество мяса кроликов при скармливании пробиотика «Биогумитель» / Е.Н. Черненко, И.В. Миронова // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2015. – № 10(132). – С. 104–108.,

7. Amaravadhi S. Ch. Effect of dietary supplementation of probiotics and enzymes on the haematology of rabbits reared under two housing systems / S.Ch. Amaravadhi, M. Mallam, G.P. Manthani, K.R. Komireddy // *Vet. World*. – 2012. – Vol. 5 (12). – Pp. 748–753.,

8. Cunha S. Effect of competitive exclusion in rabbits using an autochthonous probiotic / S. Cunha, Â. Mendes, D. Rego, D. Meireles, R. Fernandes et al. // *World Rabbit Sci*. – 2017. – Vol. 25. – Pp. 123–134

9. [www.probiotic-plus.ru](#) «OLIN қояндарға пайдалану, оларды қайта топтастыру, тасымалдауда қолдану әдістері»